

## 2011 жылы жұмыссыздарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы N 281 қаулысы. Павлодар облысы Ақтоғай ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 07 ақпанда N 12-4-95 тіркелді. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімі аппарат басшысының 2013 жылғы 28 қазандағы N 26/1-28/361 хаты)

**Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімі аппарат басшысының 28.10.2013 N 26/1-28/361 хаты).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 13-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 19-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қауылысына сәйкес, жұмыссыздардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жұмысқа орналасуына қолдау көрсету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі 2011 жылға арналған аудандық бюджетте қарастырылған қаржы есебінен жұмыссыздарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша жұмысын ұйымдастырсын.

2. "Ақтоғай ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Жұмыссыздарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру" 002 бағдарламасы бойынша аудандық бюджетте бекітілген қаржы көлемінде уақытылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы аудан әкімдігінің қаулысы оның ресми жарияланған алғашқы күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.З. Ысқақоваға міндеттелсін.

*Аудан әкімі*

*Ж. Кожанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК